



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«04» 03 2025 жылғы №36

«Ой дамыту» қалалық  
олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) және Тердікбай Күшайдың «Ой дамыту» зертханасы жоспарына сәйкес педагогтердің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ой дамыту» қалалық олимпиадасы білім беру ұйымдарының жас математика пәнінің педагогтері арасында 2025 жылғы 12 сәуір күні өткізілсін;
2. Математика пәнін оқытатын педагогтеріне арналған «Ой дамыту» қалалық олимпиадасы (бұдан әрі – Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес, ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес, комиссия құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары А.Мұхамеджановаға жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

## «ОЙ ДАМУ» ҚАЛАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже жас педагогтер арасында өткізілетін «Ой даму» математикалық олимпиадасының (әрі қарай - олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен ұйымдастыруын қамтамасыз етеді.

1.2. Ұйымдастырушылар: Астана қаласы «Әдістемелік орталығы» МКҚК қолдауымен Тердікбай Күшайдың «Ой даму» зертханасы.

1.3. Ұйымдастырушылар осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуіне жауапты.

### II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Педагогтердің логикалық ой қабілетін жетілдіруге ықпал ету, дарындылықты дамытуды қолдау арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытып қалыптастыру болып табылады.

2.2. «Логикалық математика және ой даму» авторлық бағдарламасын жүзеге асыратын мектептердегі бағдарламаның нәтижелі жүзеге асуына қолдау көрсету.

2.3. Педагогтерді сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру;

2.4. Жеңімпаздарды анықтап, ынталандыру.

### III. Олимпиадаға қатысу шарттары мен өткізілу тәртібі

3.1. Олимпиада алдын ала дайындалған жоспар бойынша өткізіледі. Олимпиаданың өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар бекітеді.

3.2 Олимпиадаға Әр мектептен 1 педагог қатыса алады.

3.3 Олимпиада тек қазақ тілінде өтеді.

3.4 Қатысуға өтінімдер қабылдау: 2025 жылғы 24 наурыздан 5 сәуірге дейін электрондық поштаға: [k.nurtaeva@astana-modern.edu.kz](mailto:k.nurtaeva@astana-modern.edu.kz).

3.5. Олимпиада 2 бөлімнен тұрады:

I кезең: логикалық математика тест тапсырмаларын орындау

II кезең: жазбаша олимпиадалық есептер шешу

Олимпиаданың тапсырмаларына берілетін уақыт - 90 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 60 ұпай жинайды.

Бірінші бөлім. Тест тапсырмалары, 20 логикалық тест беріледі, әр дұрыс жауапқа 1 ұпай, жалпы ұпай саны 20.

Екінші бөлім. Жазбаша олимпиадалық есептер шешу, 4 есеп беріледі. Әр дұрыс есепке 10 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 40. Жалпы ұпай саны 60.

#### **IV. Өткізілу мерзімі мен орны**

4. 2025 жылы 12 сәуір күні, сағат 10:00

Өтетін орны: Д. Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, көшесі:  
Д. Қонаев 33/1.

#### **V. Марапаттау**

5.1. Олимпиада жеңімпаздары әр бөлімде жинаған ұпайларына байланысты анықталады.

5.2. Олимпиада жеңімпаздарына I, II, III орын иеленгені үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК орталығының атынан диплом мен грамоталар беріледі және Тердікбай Күшайдың «Ой дамыту» зертханасы жанындағы шығармашылық топқа қабылданып, тегін дәріс алумен қатар орталықтан ұстаздар арасында ұйымдастырылатын іс шараларды өткізуге бастамашылдық танытады. Шығармашылық топ құрамына әр аудан ұстаздарының өкілдері қамтылуы қадағаланады.

5.3. Байқаудың қорытындысы 2025 жылғы 18 сәуірде

<https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

#### **VI. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті**

6.1. Олимпиаданы өткізу бойынша ұйымдастыру комитеті құрылады;

6.2. Ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізеді, өтінімдерді қабылдайды, қатысушылардың тізімін жасап, қазылар алқасының құрамын анықтайды.

#### **VII. Олимпиаданың қазылар алқасы**

7.1. Қазылар алқасы төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Қазылар алқасының құрамына алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары, бұрынғы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары енеді.

7.2. Олимпиаданың тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрады;

7.3. Олимпиада өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

7.4. Қазылар алқасының төрағасы тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныстарын қабылдап, тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді және олимпиаданың регламентін әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады.

7.5. Қазылар алқасының мүшелері жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

7.6. Қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

7.7. Жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұйымдастыру комитетіне ұсынады;

7.8. Олимпиадаға қатысушылармен тапсырмаларды талқылайды және үйлестіруді жүргізеді;

7.9. Ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, оқу-жаттықтыру жиынына қатысушылар құрамын анықтайды.

7.10. Апелляцияға берілген өтінімдерді қарастырып, соңғы шешім шығарады.

7.11. Ережені бұзғаны туралы кез-келген мәлімдеме немесе күдік туындаса, қазылар алқасы төрағасының назарына жеткізеді. Егер ол фактілер бар деп санаса, тексеру үшін комитет құрылады. Комитет қазылар алқасына өз тұжырымдары туралы хабарлайды. Қазылар алқасы ереже бұзушылықтың орын алғаны анықталған жағдайда, қандай шара қолдану керектігін шешеді. Үқтимал шаралар жеке қатысушыны немесе бүкіл команданы олимпиададан шеттетуге жатады. Қазылар алқасы қорытынды шешімді қабылдайды.

**Білім беру ұйымдарының математика пәні педагогтер арасында  
өтетін «Ой дамыту» қалалық олимпиадасына**

**ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымының

Толық атауы: \_\_\_\_\_

Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты

(жеке куәлік бойынша): \_\_\_\_\_

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі:

\_\_\_\_\_

Байланыс нөмері: \_\_\_\_\_

e-mail: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

«04» 02 2025ж.  
№ 36 бұйрыққа  
2-қосымша

Ұйымдастырушылар алқасы

| № | Аты-жөні                        | Лауазымы                                 |
|---|---------------------------------|------------------------------------------|
| 1 | Нуртаева Канымай<br>Узбекбаевна | Әдістемелік орталығының<br>әдіскері      |
| 2 | Тердікбай Күшай                 | «Ой дамыту» зертханасының<br>меңгерушісі |